**«BS-Client ҚБҚК» қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесінде ЭСҚ кілттерінің жиынтығын қайта жасау жөніндегі нұсқаулық.**

## 1-бап. Негізгі түсініктер мен қысқартулар

1. «BS-Client ҚБҚК» қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесінде ЭСҚ кілттерінің жиынтығын қайта жасау жөніндегі осы нұсқаулықта (бұдан былай – Нұсқаулық) қолданылатын түсініктер мен қысқартулар мазмұны «BS-Client ҚБҚК» қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесімен жұмыс істеген кезде «QazaqBanki» АҚ бөлімшелерінің өзара әрекеттесу Регламентінде көрсетілген мәнге сәйкес келеді.

## 2-бап. Сертификаттың қолданылу мерзімінің аяқталуы

2. Жүйеге кіру кезіндегі хабарлама (1-сурет) Клиенттің ЭСҚ Кілті сертификатының қолданылу мерзімі аяқталып қалғанын білдіреді. Мерзімі аяқталғаннан кейін осы Клиенттің ЭСҚ Кілті әрекет етпейді. ЭСҚ Кілтінің қолданылу мерзімін ұзарту үшін ЭСҚ кілттері жинағын қайта шығару қажет.

*1-сурет. Сертификаттарға сұраныстардың терезесі*




3. ЭСҚ Кілтінің қолданылу мерзімін тексеру үшін келесі әрекеттерді орындаңыз: браузер терезесінің сол жақ бөлігінде мәзірде **Сервис → Безопасность → Перегенерация комплекта ключей → Профили** (**Сервис → Қауіпсіздік → Кілттер жинағын қайта шығару → Профильдер**) (2-сурет) тармағын таңдаңыз.

*2-сурет. ЭСҚ Кілті сертификатының қолданылу мерзімін қарау*




4. ЭСҚ Кілті сертификатының профилінде <u>тінтуірдің сол жақ батырмасын бір рет басу</u> ЭСҚ Кілті сертификатының пайдалану мерзімінің аяқталу күні көрсетілетін «**Параметры подписи (Қолтаңба параметрлері)**» кестесі шығарылады (3-сурет).

*3-сурет. ЭСҚ Кілті сертификатының қолданылу мерзімін қарау*




**3-бап. ЭСҚ кілттері жинағын қайта шығару**

5. ЭСҚ кілттері жинағын қайта шығару үшін келесі әрекеттерді орындаңыз: браузер терезесінің сол жақ бөлігінде мәзірде Сервис → Безопасность → Перегенерация комплекта ключей → Профили (Сервис → Қауіпсіздік → Кілттер жинағын қайта

шығару → Профильдер) тармағын таңдаңыз. Кілттер жинағын қайта шығару беті ашылады (4-сурет);

*4-сурет. Кілттер жинағын қайта шығару беті*




– ЭСҚ Кілтінің қажетті сертификатын белгілеңіз және беттің құралдар пенелінде «Новый» (Жаңа) батырмасын басыңыз;
– Экранда пайда болған ЭСҚ Кілттер жинағын қайта шығару процесінің сипаттамасымен танысыңыз (5-сурет);

*5-сурет. Кілттер жинағын қайта шығару процесінің сипаттамасы*




– беттің құралдар панелінде «Отправить документ в банк» (Құжатты банкке жіберу) батырмасын басыңыз;
– құжатқа қол қою үшін пайда болған терезеде «Подписать» (Қол қою) батырмасын басыңыз (6-сурет). Кілттерді қайта шығаруға сұраныс Банкке жіберіледі;

*6-сурет. Қол қою терезесі*




– ЭСҚ Кілттер жинағын қайта шығаруды аяқтағанша күте тұру қажет. Жаңа сертификаттың алынған не алынбағанын тексеру үшін Сервис → Безопасность → Перегенерация комплекта ключей → Профили (Сервис → Қауіпсіздік → Кілттер жинағын қайта шығару → Профильдер) мәзірінің командасын орындаңыз. Өңдегеннен кейін Банкте ЭСҚ Кілті сертификатының мәртебесі «Получен новый сертификат» (Жаңа сертификат алынған) мәртебесіне өзгеруі тиіс (7-сурет).

*7-сурет. Сертификаттарға сұраныс терезесі*




– ЭСҚ Кілті сертификатының мәртебесі тек бетті жаңартқан кезде ғана жаңартылатындығын ескеру қажет, сондықтан егер мәртебесі әлі де «Принят банком» (Банкпен қабылданды) қалса, онда мәртебесі «Получен новый сертификат»

(Жаңа сертификат алынды) өзгергенге дейін Сервис → Безопасность → Перегенерация комплекта ключей → Профили (Сервис → Қауіпсіздік → Кілттер жинағын қайта шығару → Профильдер) мәзірінің командаларын мерзімді орындаңыз;

– Егер ЭСҚ Кілтінің сертификатында «Получен новый сертификат» (Жаңа сертификат алынды) мәртебесіне ие болса, беттің құралдар панелінде «Получить сертификат (ключ)» (Сертификатты (кілтті) алу) батырмасын басыңыз. Терезе пайда болады (8-сурет).

*8-сурет.*




– «ОК» батырмасын басыңыз. Кілттер жинағын қайта шығару процесінің келесі сипаттамасы пайда болады (9-сурет).

*9-сурет. Кілттер жинағын қайта шығару процесінің сипаттамасы*



– «Продолжить» (Жалғастыру) батырмасын басыңыз. Жүйе сұранысты өңдейді және ЭСҚ Кілттер жинағын қайта шығару процедурасын аяқтау және ЭСҚ Кілттерінің жаңа жинағына аудару туралы хабарламаны шығарады (10-сурет). «В эксплуатации» (Пайдалануда) мәртебесі жаңа сертификаттың Банкте тіркелгенін білдіреді;

*10-сурет. Кілттер жинағын қайта шығару процесін аяқтау*

